

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Заң факультеті
«Конституциялық құқық және азаматтық құқық» кафедрасы



ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ


6B04245 Құқықтану даярлау бағытының білім беру бағдарламасы бойынша
2-курс, ЗҚТ-411 тобымен өткізілген тәрбие сағатының
ХАТТАМАСЫ

Түркістан қ.

13.11.2025 ж.

Қатысқандар: 2 курс ЗҚТ-411 тобының білімгерлері және
топ әдвайзері Данишбаева Меруерт Сериковна.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР:



**«Заң және тәртіп – тұрақты қоғам негізі»
атты тәрбие сағаты**

Топ тәлімгері Данишбаева М.С. сөз алып, тәрбие сағатын ашып, бұл ұйымдастырылып отырған тәрбие сағатының мақсатына тоқталды. Бүгін біз бәрімізге ортақ, қоғам үшін өзекті мәселе – «Заң және тәртіп – тұрақты қоғам негізі» тақырыбын талқылаймыз.

Қоғамда заң мен тәртіп болмаса, ешбір адам өзін қауіпсіз сезіне алмайды. Әділеттілік орнамайды, мемлекет әлсірейді. Заң мен тәртіпті сақтау — тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Бүгінгі күні қоғамда жиі кездесетін мәселелердің бірі — азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Кей адамдар заңға селқос қарайды, оны білмейді немесе елемейді. Сондықтан халықтың, әсіресе жастардың, құқықтық білімін арттыру қажет.

Әр адам өзінің құқығын да, міндетін де жақсы білуі керек. Сонда ғана заң бұзушылықтар азаяды. Бұл — әсіресе жастар үшін өте маңызды. Мектеп қабырғасынан бастап тәртіпке, заңға бағынуға тәрбиелеу қажет.

Заң үстемдігі мен тәртіп — әділеттіліктің бастауы. Егер әр адам әділетсіздікке жол бермей, заңға сай әрекет етсе, қоғам дамып, тыныш өмір қалыптасады.

Қорытындылай келе, заң бәріне ортақ. Әр азамат оны құрметтеп, орындауға міндетті. Заң бар жерде әділет те, тұрақтылық та болады.

«Заң және тәртіп — тұрақты қоғам негізі». Бұл мәселе қазіргі жастардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты болғандықтан, тәрбие сағаты студенттер арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Өткізілген іс-шараның мақсаты:

Білімгерлердің құқықтық мәдениетін арттыру, заңға құрметпен қарауға және қоғамдағы тәртіп пен әділеттілік қағидаттарын ұстануға тәрбиелеу. Сонымен қатар, ҚР ішкі саясатының негізгі қағидаттары мен құндылықтарын дәріптеу, академиялық адалдық пен парасаттылықтың маңыздылығын түсіндіру.

Топ тәлімгері Данишбаева Меруерт Сериковна студенттерге қоғамдағы заң мен тәртіптің маңызын, олардың азаматтық жауапкершілік пен әділдік орнатудағы рөлін түсіндірді.


«Заң — қоғам тірегі, ал тәртіп — тұрақтылық кепілі» ұстанымы аясында студенттермен еркін пікір алмасу өтті.

Талқылау барысында білімгерлер академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, студенттік ортадағы парасаттылық қағидаттары туралы ойларымен бөлісті.

Сабак соңында қатысушылар заңға бағыну, әділдік пен жауапкершілікті сақтау — әрбір азаматтың парызы екені жайында қорытынды жасады.

ШЕШІМ:

- Кураторлық сағат туралы ақпарат назарға алынсын;
- Білімгерлер арасында құқықтық мәдениет пен академиялық адалдық қағидаттарын насихаттау жұмыстары жалғастырылсын;
- Келесі тәрбие сағаттарында «ҚР ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» міндетті түрде қарастырылсын.



«Конституциялық құқық және
азаматтық құқық» кафедрасының
аға оқытушысы, топ әдвайзері

ЗҚТ-411 тобының топ басшысы

М.С. Данишбаева
С. Шаяхмет

М.С.Данишбаева

С.Шаяхмет